

ЖАҢАБАЙ ТӨЛЕГЕНҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІК

Зинелова Нұрай

nurai.zeinelova@gmail.com

Журналистика және ақпарат білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, г.ғ.м., сеньор-лектор – Исмурзина Г.Б.

Публицистиканың қоғам мен адам өмірінде маңыздылығы зор. Публицистика жанрының ерекшелігі ақпарат тарата отырып, қоғамдық пікір қалыптастырады, әлеуметтік мәселелерді көтереді, оқырманна ықпал етеді. Публицистикалық шығармаларда қоғамның қай саласы болса өзекті тақырыптар жазылады.

Жаңабай Төлегенұлы ауылдық ортада тәрбиеленіп, туған жерінің тарихи-мәдени ерекшеліктеріне ерте жастан қызығушылық танытқан жан. Бұл қызығушылық оның кейінгі шығармашылығында айқын көрініс тапқан, яғни әдеби және публицистикалық еңбектерінде жергілікті салт-дәстүр, тарихи оқиғалар мен халықтың тұрмыс-тіршілігі маңызды орын алған.

Жаңабай Төлегенұлы институт қабырғасында жүрген кезінен әдебиетке, журналистикаға және ғылыми зерттеу жұмыстарға қызығушылық танытты, көптеген мақалалар мен эсселер жазды.

Еңбек жолын ол Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы» газетінде бастаған. Мұнда әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы және редактордың орынбасары қызметтерін атқарды. Кейін облыстық «Атырау» газетінде меншікті тілші болып жұмыс істеп, ауыл шаруашылығы, еңбекші хаттары және бұқаралық жұмыстар бөлімдерін басқарды. Осы кезеңде ол қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық, тарихи мәселелерді көтеріп, көптеген публицистикалық мақалалар жариялады. Сонымен қатар, ол журналистік тәжірибесін кеңейтіп, редакторлық және ғылыми тұрғыдағы ізденістерді де жүргізді.

1991–1997 жылдары Жаңабай Төлегенұлы Қазақстан телерадио корпорациясының Атырау облыстық филиалында бас редактор және төрағаның орынбасары қызметтерін атқарды. Бұл кезеңде оның журналистік көзқарасы мен публицистикалық стилі қалыптасып, қоғамдағы түрлі мәселелерді ашық көтеру қабілеті арта түсті. 1997–2007 жылдары облыстық «Қайсар» қоғамдық-құқық қорғау газетінің бас редакторы болып, журналистикадағы тәжірибесін тереңдетіп, көптеген жас мамандарды тәрбиелеуге үлес қосты.

2004 жылдан бастап Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасында аға оқытушы, кейін доцент болып қызмет етті. Университетте ол жас журналистерді дайындауға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуға ерекше көңіл бөлді, сонымен қатар кафедраның ғылыми жобалары мен баспа жұмыстарын үйлестірді.

Жаңабай Төлегенұлының шығармашылық мұрасы айтарлықтай мол. Оның баспадан шыққан еңбектері арасында «Іңкәр сезім», «Сырбаз сырлар», «Кәусар», «Шіркін, шындық», «Қыран қияға қонады», «Халқымен етене Халел хакім», «Атырау көсемсөзшілері», «Есте ғой, есте, сұрапыл соғыс», «Малды ауылдың өрендері», «Шалдығып жеткен шындық», «Зілдей сөзді Зімбіл», «Қырық қырлы, бір сырлы», «Өткен жолда – өмір іздері» және бес томдық шығармалар жинағы бар. Сонымен қатар, ол бірнеше кітапты құрастырып, ғылыми түсініктер мен алғысөздер жазды. Оның шығармалары ондағы жинақтарға, сондай-ақ қазақ поэзиясының антологияларына енгізілген.

Қаламгердің еңбектері публицистикалық стильде жазылған. Ол өз мақалаларында нақты фактілерге сүйеніп, деректі материалдарды талдап, тарихи оқиғалар мен қазіргі қоғам мәселелерін жан-жақты сипаттайды. Бұл оның шығармашылығын ғылыми-

танымдық деңгейде бағалауға мүмкіндік береді.

Жаңабай Төлегенұлының қоғамдық қызметі де белсенді болды. Ол «Атырау ақын-жазушылары кітапханасы» сериясымен шыққан 100 кітапқа, «Атырау қаламгерлерінің туындылары» мен «Тұлға» серияларымен шыққан шығармаларға редакторлық жасады. Сонымен қатар, Атырау облысы мен Қызылқоға, Мақат аудандарының энциклопедиялары мен «Жеңісті жақындатқан жандар» атты кітаптардың авторы. Ол аудандық, облыстық комсомол, кәсіподақ комитеттерінде және партия ұйымдарында әртүрлі лауазымдарда қызмет еткен. Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәдениет комитетіне қарасты «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК-ның ғылыми кеңесінің мүшесі.

Жаңабай Төлегенұлы Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, редактордың орынбасары, облыстық «Атырау» газетінде меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, алқа мүшесі, Қазақстан телерадио корпорациясы Атырау облыстық филиалында бас редактор, төрағаның орынбасары, облыстық «Қайсар» қоғамдық-құқық қорғау газетінің бас редакторы, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент бола жүріп, шығармашылығын қазақ журналистикасы мен әдебиетінде ерекше орын алатынын көрсетті. Оның публицистикалық еңбектері нақты деректер мен ғылыми тұрғыдағы зерттеулерге негізделген, бұл шығармаларын кәсіби зерттеулер мен білім беру процесінде қолдануға мүмкіндік береді.

Жаңабай Төлегенұлының шығармашылығының маңызды қырларының бірі – оның публицистикалық еңбектерінің жанрлық тұрғыдан алуан түрлі болуы. Қаламгер әртүрлі жанрларда қалам тербеп, қоғам өмірінің өзекті мәселелерін көтерген. Оның шығармаларында көркемдік баяндау мен нақты деректер қатар қолданылады, бұл оқырманға шынайы өмір шындығын жеткізеді және қоғамдық сананы қалыптастыруға ықпал етеді.

Жазушының шығармаларында кездесетін жанрлар әртүрлі: әңгіме, очерк, эссе, деректі хикаят, публицистикалық мақала, ғылыми зерттеу, шежіре, фельетон, памфлет. Бұл жанрлық алуан түрлілік автордың шығармашылық мүмкіндіктерінің кеңдігін және қоғамға бағытталған хабарларды жеткізу тәсілдерінің әрқилылығын көрсетеді.

Мысалы, «Іңкәр сезім» жинағында әңгімелер, деректі хикаяттар және очерктер берілген. Мұнда автор өмір шындығын көркем тілмен бейнелей отырып, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени мәселелерге өз көзқарасын білдіреді. Ал «Шіркін, шындық» кітабында әңгімелер мен фельетондар арқылы әлеуметтік құбылыстар, адам мінезіндегі ерекшеліктер мен қоғамның сын-қатерлері көрсетіледі. Бұл еңбектерде публицистикалық ой көркем баяндаумен ұштасып, оқырманға нақты өмір дерегін жеткізуге мүмкіндік береді.

Очерк жанры Жаңабай Төлегенұлы шығармашылығында ерекше орын алады. Очерктер арқылы автор нақты өмірдегі адамдардың тағдырын, өңірдегі тарихи және әлеуметтік оқиғаларды баяндаған. «Атырау көсемсөзшілері» еңбегінде өңір журналистикасының дамуына үлес қосқан тұлғалар туралы очерктер мен эсселер ұсынылған. Мұнда автордың басты мақсаты – оқырманға қоғамдық және мәдени құндылықтарды жеткізу, журналистика саласының тарихын көрсету.

Сонымен қатар қаламгер деректі хикаят жанрында да бірқатар еңбектер жазған. «Қыран қияға қонады» және «Малды ауылдың өрендері» шығармалары нақты оқиғалар мен адамдар тағдырына негізделген. Бұл еңбектерде деректілік пен көркемдік баяндау қатар қолданылып, тарихи шындықты оқырманға жеткізуге мүмкіндік береді.

Жаңабай Төлегенұлының ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектері де ерекше назар аудартады. «Шалдығып жеткен шындық» және «Зілдей сөзді Зімбіл» кітаптарында автор тарихи деректерге сүйене отырып, қоғам өміріндегі маңызды мәселелерді жан-жақты талдайды. Сонымен қатар «Жайық Беріштің Тумаш тармағы» атты шежірелік еңбегінде белгілі бір әулеттің тарихы мен шежіресі баяндалады, бұл жанрдағы шығармалар автордың зерттеушілік қабілетін айқын көрсетеді.

Жанрлық ауқымды кеңейту арқылы Жаңабай Төлегенұлы публицистикалық шығармаларында көркемдік, деректілік және ғылыми талдауды біртұтас жүйеде ұштастырады. Әр жанр авторға қоғамдағы маңызды құбылыстарды әр қырынан көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе қоғамдық мәселелерді жариялау, адам тағдырын зерттеу және тарихи деректерді жеткізу тұрғысынан маңызды.

Сонымен қатар қаламгердің шығармалары әлеуметтік, мәдени және тарихи контекстпен тығыз байланыста жазылған. Атырау өңірінің тарихы мен мәдени дамуы, мұнай-газ саласының өрлеуі, ауыл мен қаланың қоғамдық өмірі оның еңбектерінде көрініс тапқан. Жаңабай Төлегенұлы шығармалары арқылы оқырман әлеуметтік шынайылыққа жақындайды, қоғамдағы өзекті мәселелерді таниды және бағалайды.

Стильдік ерекшеліктер де оның публицистикалық шығармашылығында айқын байқалады. Автор көркемдік бейнелерді, метафораларды, сарказм мен иронияны, публицистикалық апелляцияны шебер қолданады. Мысалы, фельетондарда өткір сын мен ирония арқылы қоғамдағы кемшіліктерді көрсетуге ұмтылған, ал деректі хикаяттарда нақты өмір деректері мен кейіпкерлердің тағдырын сипаттаған. Эсселерінде субъективті ой мен философиялық пайымдар жиі кездеседі.

Қаламгердің публицистикалық еңбектері жанрлық тұрғыдан салыстырмалы түрде кең және бай мазмұнды. Әдебиеттану және журналистика зерттеушілері үшін бұл еңбектер әлеуметтік зерттеулердің, әдеби талдаулардың, сондай-ақ журналистикалық сабақтар мен әдістемелердің маңызды материалдары болып табылады. Сонымен қатар, оның шығармалары қазіргі кезеңде студенттерге ғылыми және практикалық бағытта қолдануға ыңғайлы, өйткені олар нақты дерек пен көркемдік ойды ұштастыру арқылы ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық мұрасы жанрлық ауқымымен, стильдік ерекшелігімен және қоғамдық мәнімен ерекшеленеді. Әрбір жанр авторға қоғам өмірінің түрлі қырларын көрсетуге, оқырманға ой салуға және тарихи шындықты жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл қасиеттер оның шығармашылығын тек әдебиет пен журналистика саласында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар мен мәдени зерттеулер үшін де маңызды етеді..

Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық шығармашылығын зерттегенде, оның еңбек жолы мен шығармашылық дамуын бірнеше кезеңге бөлуге болады. Бұл кезеңдер қаламгердің кәсіби қызметімен, шығармашылық тәжірибесімен және қоғамдық өмірге қатысуымен тығыз байланысты.

Алғашқы кезең – журналистік бастамалар (1966–1973 жж.). Жаңабай Төлегенұлының шығармашылық жолы Қызылқоға аудандық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер болып бастаған кезінен басталады. Бұл кезеңде жас қаламгер алғашқы публицистикалық материалдарын жариялап, журналистік тәжірибе жинақтаған. Оның мақалалары мен очерктері негізінен ауыл өмірі, еңбек адамдары, ауыл шаруашылығы және қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге арналған. Жас журналист үшін бұл кезең маңызды болды, өйткені онда ол материалдарды жинау, оларды объективті және көркем тілмен баяндау, оқырманға жеткізу дағдыларын меңгерді.

Сонымен қатар, алғашқы жылдарда автор деректерді жинау барысында әртүрлі жанрларды байқап көрді: әңгімелер, очерктер, қысқаметражды мақала форматтары. Бұл оның жанрлық тәжірибесін кеңейтті және кейінгі шығармашылық дамуының негізін қалады. Сол кезеңде жарияланған мақалалары ауыл мен аудан өмірінің нақты көрінісін береді, автордың қоғамдық мәселелерге деген сезімталдығы айқын көрінеді.

Екінші кезең – облыстық баспасөзде жариялану (1973–1990 жж.). Бұл кезеңде Жаңабай Төлегенұлының шығармашылық мүмкіндігі кеңейіп, оның публицистикалық еңбектері облыстық баспасөзде жиі жариялана бастады. «Атырау» газетінде меншікті тілші, ауыл шаруашылығы және бұқаралық жұмыстар бөлімдерінің меңгерушісі болып қызмет атқарған жылдары автор қоғамдағы өзекті мәселелерді кеңінен көтерді.

Бұл кезеңде жазушының мақалалары тарихи тұлғалар, мәдени мұра, өлкенің рухани өмірі мен дамуы тақырыптарына арналып, публицистика мен зерттеу жанрын үйлестіріп жазылды. Мысалы, туған жердің тарихы мен белгілі адамдардың өмір жолын талдайтын мақалалар кеңінен таралды. Осылайша, Жаңабай Төлегенұлының шығармаларының қоғамдық маңызы арта түсті, олар оқырманды тәрбиелеп, ұлттық сана мен тарихи ұмытылмас құндылықтарды дәріптеді.

Сонымен қатар, бұл кезеңде қаламгер бірнеше кітап жазып, олардың кейбірі деректі хикаят, очерк және эссе жанрында болды. «Малды ауылдың өрендері» және «Қыран қияға қонады» еңбектері нақты оқиғалар мен адамдар тағдырын көрсететін деректі материалдарға негізделді. Мұндай шығармаларда автор оқырманға қоғамдағы маңызды құбылыстарды жеткізіп қана қоймай, оларды тарихи шындық ретінде ұсына білді.

Үшінші кезең – шығармашылық кемелдену (1990–2004 жж.). 1990 жылдардан бастап Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық шығармашылығы жаңа белеске көтерілді. Қазақстан телерадио корпорациясының Атырау облыстық филиалында бас редактор және төрағаның орынбасары болып жұмыс істеп, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін кең ауқымда қарастырды. Кейін облыстық «Қайсар» газетінің бас редакторы ретінде қызмет атқарған жылдары оның публицистикалық еңбектері айқын көрінді.

Бұл кезеңде қаламгердің шығармалары тек журналистік сипатта ғана емес, ғылыми-зерттеу және тарихи талдау сипатымен ерекшеленді. «Шалдығып жеткен шындық» және «Зілдей сөзді Зімбіл» сияқты еңбектерінде автор тарихи деректерді пайдаланып, қоғам өміріндегі өзекті мәселелерді жан-жақты талдады. Сондай-ақ, «Жайық Беріштің Тумаш тармағы» атты шежірелік еңбегінде белгілі бір әулеттің тарихын және оның қоғамдағы рөлін жан-жақты баяндады.

Осы кезеңде Жаңабай Төлегенұлының шығармалары жанрлық тұрғыдан байи түсті. Өңгімелер, очерктер, эсселер, деректі хикаяттар, публицистикалық мақалалар, ғылыми зерттеулер, шежірелер мен фельетондар – барлығы біртұтас шығармашылық портрет қалыптастырды. Оның еңбектерінде көркемдік баяндау мен нақты деректер үйлесіп, оқырманға қоғам өмірінің барлық қырларын көрсетуге мүмкіндік берді.

Төртінші кезең – университеттік және ғылыми қызмет (2004 жылдан қазіргі уақытқа дейін). 2004 жылдан бастап Жаңабай Төлегенұлы Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қазақ әдебиеті және журналистика кафедрасында аға оқытушы, кейін доцент болып қызмет етті. Университетте ол жас журналистерді тәрбиелеуге, ғылыми зерттеулерге жетекшілік жасауға ерекше көңіл бөлді. Сонымен қатар, осы кезеңде қаламгер өз шығармашылығын жинақтап, бірнеше кітаптарын толық жариялап, бес томдық шығармалар жинағын баспадан шығарды.

Бұл кезеңде шығармаларында тарихи тақырыптар, мәдени мұра, белгілі тұлғалардың өмір жолы, әлеуметтік мәселелер кеңінен қамтылды. Автор деректі материалдармен жұмыс істей отырып, оқырманға тек фактіні беріп қана қоймай, оның мәнін талдап, қоғам өміріндегі маңызды құндылықтарды көрсетуге ұмтылды.

Жалпы алғанда, Жаңабай Төлегенұлының публицистикалық шығармашылығы уақыт өте келе дамып, жанрлық, тақырыптық және мазмұндық тұрғыдан байи түсті. Алғашқы кезеңде журналистік мақалалар мен очерктер басым болса, кейінгі кезеңдерде тарихи-публицистикалық және ғылыми-зерттеу бағытындағы еңбектер көбейе түсті. Бұл оның шығармашылық жолының біртіндеп қалыптасып, дамып, кемелденгенін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңабай Төлегенұлы. Іңкәр сезім. Атырау, 2001.
2. Жаңабай Төлегенұлы. Шіркін, шындық. Атырау, 2005.
3. Жаңабай Төлегенұлы. Қыран қияға қонады. Атырау, 2003.
4. Жаңабай Төлегенұлы. Малды ауылдың өрендері. Атырау, 2004.
5. Жаңабай Төлегенұлы. Жайық Беріштің Тумаш тармағы. Атырау, 2006.
6. Жаңабай Төлегенұлы. Зілдей сөзді Зімбіл. Атырау, 2007.

7. Атырау облысы журналистикасы. Өлкетану және публицистика. Атырау, 2010.
8. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті. Қазақ журналистикасының дамуы. Атырау, 2012.